



Ембі ТЫНЫСЫ

№10 (140)
ҚЫРКҮЙЕК
2025 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



«Таза Қазақстан» акциясы – бұл жәй ұран немесе бір күндік бастама емес. Бұл – еліміздің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған кешенді бағдарлама. Ол кең ауқымды іс-шараларды қамтиды. «Ембімұнайгаз» АҚ таза қоршаған орта денсаулықтың, тұрақты дамуың және болашақ ұрпақтың өмір сүру сапасының кепілі екенін түсіне отырып, экологиялық науқандарға қолдау көрсетіп келеді және бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра бермек.

Толығырақ **6** >>>

МАМАН МІНБЕРІ

ҰЖЫММЕН КОНСТРУКТИВТІ ДИАЛОГ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін басымдық беретін бағыттың бірі – адами ресурстарды тиімді басқару, қызметкерлермен ашық әрі сенімді байланыс орнату арқылы жүйелі жұмысты ұйымдастыру. Бұл орайда, Компания басшылығы еңбек ұжымымен конструктивті диалог орнатуды даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі деп санайды.

3 >>>

ТАҒЗЫМ

ЖОРЫҚ ЖОЛЫ: ЕСКЕНЕДЕН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН

Бұл жазбамыз Тайсойған өңірінің тумасы, ескенелік мұнайшы-майлангер Қонаш Табынтаев хақында. Жеңіс таңын жақындатуға үлес қосқан жауынгер майдан даласынан елге оралған соң, қызмет етіп, соңында із қалдырды.

6 >>>

ҰРПАК

БАЛА ДАМУЫНА БАҒЫТ Қосымша дәрістердің қандай пайдасы бар?

Әрине, әр ата-ананың басты мақсаты – білімді, саналы, ақылды ұрпақ тәрбиелеу. Мектептегі жаңа оқу жылы басталуымен үш ай алаңсыз жүрген балалардың да, ата-аналарының да күнделікті өмір ағымы өзгерістерге ұшырады. Жұмыс режиміне қоса, баланың сабағын оқыту, білімін қадағалау сияқты мәселелер күн тәртібіне шықты.

8 >>>

ТАБЫС СЫРЫ

«АҒАШ ОТЫРҒЫЗУҒА ДА МЕЙІРІМ КЕРЕК»

Атырауда ағаш өсіру қиын. Бұл – ел аузында жатталған ұстанымдардың бірі. Рас, жері сортаң, күні ыстық өлкеде «Жерге қадаған шыбық ағашқа айналды» деп айта алмайтынымыз да анық. Алайда, ембілік мұнайшы Нұрлыбай Ашықбаев – осы қағиданы бұзып, ауласын баққа айналдырып отырған жан.

Әріптесіміз, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай-газ өндіру операторы – Жаңа Қаратон ауылының тұрғыны, 10 сотық жердің иесі. Алайда, ауласына енсеніз, керемет баққа тап боласыз! Тіпті, мынаның барлығы аядай жерге қалай сыйып тұр деп те таң қаларың шын. Ауласын кірсе-шыққысыз керемет, саялы орынға айналдырып отырған әріптесіміздің демалыс уақытында арнайылап, үйінде қонақ болдық.

Арша, тау қарағайы, солтүстік Америкада өсетін Глаука, жапон спиреясы, Кореялік пихта, барбарис. Бұл

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫ ЕРЕКШЕ БАҚ ӨСІРІП ОТЫР

бізді кірген бойда ерекше сұлулықтарымен баураған, Атырауда көп өспейтін шыршатектес ағаштар мен аласа бұталардың бір бөлігі ғана. Аядай аулада барлығы 50 шырша өсіп тұрғанын біліп, таңырқанымызды да жасыра алмадық. «Фитонцид бөлетіндіктен, таза ауаның көзі болсын деген мақсатпен осынау ағаштарды отырғызып, жерге көгал ектім. Ауланың жиегіне екі түсті 20 талды қатарластырып, тізіп отырғыздым. Мақсатым «тірі» шарбақ қылып өсіру. Ауламның арғы жағында Туя ағашын да осылай қаз-қатар өсірудемін. Ол – жыл он екі ай өңін өзгертпейтін, айналасын әдемілікке бөлеп тұратын ерекше өсімдік» деп бастады әңгімесін әріптесіміз Нұрлыбай Ашықбаев. Әр ағаштың өсу, даму тарихын егжей-тегжейлі зерттеген ол кавказдық Нордманна пихтасының бірнеше метрге дейін өсетінін айтып, белгілі бір уақытта қию арқылы қажетті биіктікте ұстап отырғанын баяндады.



7 >>>

СЕРІКТЕСТІК



МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ

Нью-Йорк қаласында (АҚШ) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (КМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасенов пен ExxonMobil компаниясының аға вице-президенті Питер Ларденнің кездесуі өтті.

Тараптар Қазақстандағы ортақ жобалары аясында ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктерін, сондай-ақ өндірісте инновациялық технологияларды енгізу бойынша өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

А.Хасенов атап өткендей, КМГ ExxonMobil компаниясымен инновациялар саласында ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді. Бұл өз кезегінде ресурстық базаны тиімді әрі ұтымды игеруді тереңдетіп, оның дамуына серпін береді. Америкалық серіктестердің көлбеу бұрғылауды қолдану және мұнай өндіруді қарқынды тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады.

Инновациялық шешімдерді таныстыру үшін компаниялар бірлескен технологиялық сессиялар ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Кездесу қорытындысы бойынша КМГ мен ExxonMobil арасында мұнай-газ секторында жаңа технологиялар бағытындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Құжатқа КМГ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов және ExxonMobil аға вице-президенті Питер Ларден қол қойды.

– ExxonMobil – ірі жобалар бойынша ҚазМұнайГаздың стратегиялық серіктесі. Біздің озық технологияларды енгізу жөніндегі бірлескен күш-жігеріміз Қазақстанның мұнай-газ секторын тұрақты дамытуға және мұнай өндіру тиімділігін арттыруға ықпал ететініне сенімдімін, – деді КМГ басшысы.

<https://www.kmg.kz/press-center/press-releases/i-exxonmobil/>

ҚАЗМҰНАЙГАЗ ЖӘНЕ SHEVRON ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ТЕРЕҢДЕТУДЕ



Нью-Йорк қаласында (АҚШ) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен Chevron-ның еншілес компаниясы «Шеврон Мұнайгаз Инк» арасында тауарларды локализациялауды дамыту, кадрларды даярлау және мұнай-газ саласындағы құзыреттерді кеңейту бойынша ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Құжатқа КМГ басшысы Асхат Хасенов пен Шевронның Еуразия бөлімшесінің президенті Дерек Магнесс қол қойды.

Бұл келісім аясында компаниялар басым бағыттар бойынша стратегиялық өзара іс-қимылға ерекше мән беретін болады, соның ішінде жергілікті қамтуды дамыту, технологияларды біріктіру және мамандардың біліктілігін арттыру бар. Келісім бойынша инвестицияның болжамды сомасы шамамен \$130 млн құрайды.

– Осы келісім КМГ мен Chevron арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жаңа

деңгейге көтеруге жол ашады деп сенемін. Екі компания көп жылдан бері стратегиялық серіктес ретінде табысты жұмыс істеп келеді. Теңіз, Қарашығанақ және Каспий құбыр консорциумы сияқты бірлескен жобалар Қазақстан экономикасының дамуына қомақты үлес қосуда. Өндіріс тиімділігін арттыру, заманауи технологияларды және өнеркәсіп қауіпсіздігінің озық стандарттарын енгізу бағыттарындағы жұмысты жалғастырамыз, – деді А.Хасенов.

– Қол қойылған келісім – ҚазМұнайГазбен серіктестікті одан әрі дамытудағы маңызды қадам. Ол жергілікті қамту көлемін ұлғайтудан бастап, технологиялық инновациялық шешімдерді енгізу мен кадрларды даярлауға дейінгі негізгі бағыттар бойынша өзара ынтымақтастыққа деген ортақ ұмтылысымызды көрсетеді. Бұл бастамалар ашықтық, адалдық және тұрақты даму қағидаларына сүйене отырып, Қазақстанның энергетикалық болашағын қамтамасыз етуге негізделген, – деп атап өтті Д.Магнесс.

<https://www.kmg.kz/press-center/press-releases/z-i-chevron/>

ТАҒАЙЫНДАУ



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, Айбын Рамазан «Ембімұнайгаз» АҚ-ы геология және барлау департаментінің директоры лауазымына тағайындалды.

Айбын Рамазан еңбек жолын 2002 жылы «Каспиймұнайгаз» ғылыми-зерттеу және жобалау институты» ААҚ техник лауазымынан бастап, 2017 жылға дейін осы мекемеде инженер, бас маман, бөлім бастығы, департамент директоры, бас директорының барлау және ірі жобалар бойынша орынбасары лауазымдарында еңбек етті.

2017 жылдан бастап, «Timal Consulting Group» ЖШС директорының геология бойынша орынбасары, «Samruk Business Academy» ЖМ сарапшы, «КМГ Инжиниринг» ЖШС кен алаңдарын игеру мониторингі қызметінің жетекшісі.

2025 жылдың сәуір айынан бастап, «КМГ Инжиниринг» ЖШС ЕМГ операциялық активтер бойынша жобалау кеңсесінің жетекшісі болды.

ДОХОД

КТО БОЛЬШЕ ВСЕХ ПЛАТИТ НАЛОГИ В КАЗАХСТАНЕ: СПИСОК НЕФТЕГАЗОВЫХ ГИГАНТОВ



Топ-10 налогоплательщиков из нефтегазовой сферы оплатили налоги почти на 4 трлн тенге, передает IS.

В ответ на запрос редакции в Комитете госдоходов предоставили данные за восемь месяцев 2025 года об уплатах в бюджет от 10 крупных нефтегазовых компаний. Итого, общая сумма налоговых отчислений составила 3,8 трлн тенге.

За указанный период больше всего перечислила в бюджет компания «Тенгизшевройл» – 2,3 трлн тенге (за аналогичный период 2024 года – 2,04 трлн тенге).

Казахстанский филиал «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.» – 733,2 млрд тенге (820,49 млрд тенге).

«Мангистаумунайгаз» – 164,08 млрд тенге (187,5 млрд тенге).

Филиал «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» – 102,6 млрд тенге (150,6 млрд тенге).

«Карачанбасмунай» – 84,08 млрд тенге (103,9 млрд тенге).

«Эмбамунайгаз» – 83,4 млрд тенге (111,08 млрд тенге).

«КазМунайГаз» – 77,5 млрд тенге (51,3 млрд тенге).

«Озенмунайгаз» – 68,2 млрд тенге (111,8 млрд тенге).

«СНПС – Ақтобемунайгаз» – 66,6 млрд тенге (93,6 млрд тенге).

СП «Казгермунай» – 45,9 млрд тенге (51,2 млрд тенге).

В Комитете госдоходов тогда же отметили, что доходы Нацфонда формируются за счет налоговых отчислений организаций нефтяного сектора. Их размер напрямую зависит от воздействия как внешних, так и внутренних факторов.

<https://ism.kz/top-10-neftegazovyh-kompanij-skol-ko-nalogov>

МАМАН МІНБЕРІ

ҰЖЫММЕН КОНСТРУКТИВТІ ДИАЛОГ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

«Ембі тынысы» газетінің өткен санында өндірісті тиімді басқару, шығындарды оңтайландыру бағытында өндіріс алаңдарында өткен жиын туралы жазғанбыз. Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжановтың төрағалығымен болған кездесуде барынша ашық пікір орын алды. Цех бастықтары мен өндіріс шеберлерінің белсенділігін көтеру туралы ой айтылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін басымдық беретін бағыттың бірі – адами ресурстарды тиімді басқару, қызметкерлермен ашық әрі сенімді байланыс орнату арқылы жүйелі жұмысты ұйымдастыру. Бұл орайда, Компания басшылығы еңбек ұжымымен конструктивті диалог орнатуды даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі деп санайды. Санап қана қоймай, жұмысшылардың ортасында жиі болып, ашық пікір алмасуды жүзеге асырып келеді.

Бұл жөнінде өндіріс мамандары, цех бастықтары мен шеберлердің айтарына құлақ түрсек.



КЕЛІССӨЗДЕР АРҚЫЛЫ – НАҚТЫ ШЕШІМДЕР

Сәкен ШАРАПИДЕН,
«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасы №1 мұнай-газ өндіру цехының бастығы:

– Жұмыс беруші мен жұмысшының арасында ашықтық, пікір алмасу орын алғанда ұжымда әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ғана емес, сонымен қатар алдымызда тұрған өзекті мәселелерді уақытылы әрі тиімді шешуге жол ашылады деген пікірдемін. Ашық форматта болатын кездесулер проблемаларды көп болып, ақылдаса отырып шешуге мүмкіндік береді. Проблеманы айтып қою жеткіліксіз, оның шешу жолдары бойынша ұсынысты ортаға салу, міне, ең бастысы осында.

Өндірістің әрбір адамының белсенділігін оятуымыз керек. Оның жолы – жұмысшылардың ортасында жиі болып, ашық әңгімелесу, пікірлесу. Ашықтық бар жерде өзекті ойлар айтылары анық. Диалог орнату арқылы нақты шешімдерді бірлесе талқылаймыз. Бүгінгі өндіріске жетпей жатырғаны осы жәйт деп ойлаймын.



ТАБЫС КІЛТІ ӘР АДАМНЫҢ ҚОЛЫНДА

Жәнібек ҚҰҒАЛИЕВ,
«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасы Қарсақ мұнай-газ өндіру цехының бастығы:

– Басқармадағы өнім игеріліп жатқан кен алаңдарының дені – байырғы кеніштер. Көпшіліктің арасында ескі кен алаңдарының берері аз, кеткен шығынның өтелуі мардымсыз деген көзқарастың бары рас. Алайда, қалыптасып қалған көзқарасты өзгерту өз қолымызда емес пе?

Біздің Қарсақ кен алаңының игеріле бастағанына биыл 65 жыл болды.



Ай сайын өнім өндіру жоспарын тұрақты орындап келеміз. Бұл – байырғы кеніш үшін үлкен жетістік.

Байырғы кеніш дегеннен туындайды, мұндай жерде ұңғыманың сулану деңгейі жоғары болатыны анық. Біздің мақсат – ұңғымның сулану деңгейін төмендету. Қазір осы бағытта жұмыстанып жатырмыз.

Бұл орайда жаңа әдістерге бағыт ұстану да – өзекті. Алайда, жаңа әдістер қолға алынып жатқанымен әзірге көздеген қорытындыға қол жеткізе қойған жоқпыз, оған біраз уақыт керек. Байырғы кен алаңдарындағы жаңа әдістердің іске қосылуы және оның оң нәтижесі туралы алдағы күндерде айтамыз деген сенімдеміз. Бастысы байырғы кеніштердің тиімді жұмыс жасауына жол ашу мақсатында жұмыстанып жатқандығымыз. Қарсақ кен алаңында еңбек етіп жатқан әрбір жұмысшы мұны жақсы түсінеді деген ойдамын.

Ғасырдан астам уақыт өнім беріп келе жатқан басқармада қордың азаюы – заңдылық. Алайда, қол қусырып отыратын заман емес. Өндірістің шығынын азайтуға, ескі кеніштің барынша тиімді жұмыс істеуіне әрқайсымыз үлес қосымыз керек.



Мұхамбет ҚАНАЕВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасы Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехының бастығы:

– Біздің ұжымда жақсы жолға қойылғаны – қарапайым еңбек адамына тек өндірістік ресурстың бір бөлігі деп емес, компанияның басты құндылығы ретінде қарауы. Осы орайда оларға әлеуметтік қолдау көрсетіліп, оқыту мен біліктіліктерін арттыруға жәйттарына ерекше көңіл бөледі.

Жыл сайын кәсіби біліктілікті көтеруге арналған курстар, өндірістік тәжірибе алмасу бағдарламалары мен ішкі тренингтер өткізіледі. Бұл бастамалардың барлығы жұмысшылардың мотивациясын күшейтіп, олардың компанияға деген адалдығын арттыруға ықпал етеді.

Жұмысшылармен конструктивті диалог орнату – тек әлеуметтік тұрақтылықтың ғана емес, сонымен қатар өндірістік тиімділіктің кепілі. Ашықтық пен сенімділікке негізделген қарым-қатынас арқылы компания өз қызметкерлерін қолдап қана қоймай, олардың әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, кей кездерде осындай

жақсы жұмыстардың жеткілікті деңгейде бағасын алмай жататыны қынжылыс тудырады. Арамызда «Бізге жақсылықты жасай беріңдер, біз ала берейік» деген ойдың ара-кідік бой көтеріп қалатынын жасырмау керек. Әрбір жұмысшы ең алдымен «Компанияма не беріп жатырмын, оның дамуына менің қосқан үлесім қандай?» деген сауалдар төңірегінде ойлану керек сияқты.

Ембінің қара алтын өндіргеніне біраз жыл болды. Жердің астындағы байлықтың қоры азаяра даусыз. Байырғы кеніштермен жұмыс істеп отырған Ембінің екінші тынысын ашуға үлес қосу – бәріміздің міндетіміз. Себебі, біз осы жерден нәпақамызды тауып жүрміз. Ендеше, компанияның дамуына үлес қосу – азаматтық міндетіміз.



Асхат АГИСОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасы Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру учаскесінің бастығы:

– Компания басшылығы өндірістік-құрылымдық басқармаларда тұрақты түрде жұмысшылармен кездесулер, кері байланыс форматында жиындарды ұйымдастыру арқылы мәселенің анық-қанығына жетуді назарда ұстап отыр. Әрине, бір-екі кездесумен мәселені түйіндеп тастамаймыз.

Басқарма деңгейіндегі жауапты мамандардың да жұмысшылардың ортасында жиі болып, олардың сауалдарына құлақ түргені тиімді болатыны анық. Кездесулерде жұмысшылар көкейлеріндегі сұрақтарды еркін қоюға мүмкіндік алады. Еңбек жағдайы, өндірістік қауіпсіздік, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер, жалақы мен категория көтеру мәселелері сынды маңызды тақырыптар талқыланады. Проблемалар кең талқыланса, оны шешу жолдары ашық айтылса нұр үсіне нұр емес пе?! Жасыратыны жоқ, бізде ашық пікір айту жеткілікті деңгейде емес. Осыған мән беруіміз керек.



«ӘР ЖЕТІСТІКТІҢ АРТЫНДА БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ТҰР»

Сәкен СЕЙТҚАЛИ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
газ дайындау және күкірт
алу цехының технологиялық
қондырғылар операторы,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің
иегері:



– Кез-келген марапаттың мерейді өсіретіні рас. Жұмыс жасаған сәтте оның өтеуі болуы керек немесе белгілі бір шарада атың аталуы үшін жұмыс жасамайтының анық. Алайда, биылғы Мұнайшылар күнін ешқашан ұмытпаймын.

Мереке қарсаңында Мемлекет басшысының қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алдым. Бұл марапат – менің ғана емес, қара алтын өндіру саласында тер төгіп жүрген әріптестерімнің, тұтастай ұжымның жұмысына берілген баға деп білемін.

Мұнай-газ өндіру саласындағы еңбек өтілім 30 жылға жуық. Соның ішінде Ембі кен алаңдарында қызмет еткеніме 6 жылдан асып барады. Еңбек жолымды Доссор автокөлік кәсіпорнында автослесарь болып бастап, кейін қара алтын өндіру саласындағы тәжірибемді молайттым. Зауытта құю блогтарын дайындау, сондай-ақ пішінді құймалармен жұмыс істеу, жабдықтау агенті,

мұнайды дайындау цехында технологиялық қондырғылар операторы, мұнай дайындау цехының инженер-технологы, кейін цех бастығының орынбасары және бастығы лауазымдарын атқардым. Ал, 2019 жылдан бастап, «Жылыоймұнайгаз» басқармасында еңбек етіп келемін.

Күнделікті жұмыс барысында технологиялық процесті бақылау, жабдықтың апатсыз әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету, параметрлерді басқару мен реттеу, іске қосу-баптау және жөндеу жұмыстарына қатысу сияқты міндеттерді орындап келемін.

Өндірістегі күрделі және жауапты жағдайларда кәсіби сауаттылық және жылдам шешім қабылдау қабілеті керек. Сонымен қатар, өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экологиялық талаптарды ұстанамыз. Жұмыс үдерісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар енгізіп, шығындарды азайту мен тиімділікті арттыру шараларына қатысып келемін.

Кен алаңдарында күндіз-түні тер төгіп, еңбек етіп жүрген ембіліктер қатарынан табылып, солардың арасынан осындай деңгейдегі марапатқа лайықты деп танылғанымды мақтан тұтамын.

Арман БЕКМАҒАМБЕТОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ мұнай
және газ өндіру департаментінің
жетекші инженері-механигі,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:



– Еңбек жолымды мұнай-газ өндіру цехында слесарь жөндеуші болып бастадым. Кейін механик, жетекші инженер лауазымдарында еңбек етіп, кәсіби жетілдім, тәжірибе жинақтадым.

Жалпы, мұнай және газ өндіру саласында еңбек етіп келе жатқаным 20 жылдан асты. Осы уақыт аралығы – жетістікке жету, ізденіс пен даму жолы болды. Ең бастысы – әр күнгі жұмысымның артында үлкен жауапкершілік тұрғанын ешқашан ұмытқан емеспін.

Қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз» АҚ-да ілесіп мұнай газын кәдеге жарату жобалары қолға алынып, соны іске асыру аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Осы іс-шараларға белсенді қатысып келемін.

Сондықтан, мемлекеттік марапат – бұл мен үшін үлкен құрмет қана емес, ұжымымызға берілген баға деп білемін. Себебі тек менің емес, бүкіл команданың бірлескен еңбегінің нәтижесі осы.

Алдағы уақытта да өндірістегі қауіпсіздік пен тиімділікті арттыру жолында еңбек етіп, тәжірибеммен бөлісіп, жастарға бағыт көрсетуді мақсатым деп білемін. Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі жолында еңбек ету – мен үшін мәртебе.

Мақсат СҮНДЕТҚАЛИЕВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы, ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалінің иегері:



– Өмірімді өндіріске арнап, осы салада 33 жыл бойы табан аудармастан еңбек етіп келемін. Ал, осынау марапат – тек менің ғана мерейім емес, біздің еңбегімізге берілген зор баға, баршамызға үлкен серпін.

Рас, қай сала да оңай емес. Өсіресе өндірістің қиындығы өз алдына. Қыста – қақаған аяз, жазда – аптап ыстық. Осындай жағдайда еңбек ету шыдамдылық пен табандылықты талап етеді. Бірақ ең үлкен қуаныш – маңдай тердің нәтижесін көру, ел сенімін ақтау.

«Жайықмұнайгаз» басқармасының С.Балғымбаев атындағы №1 мұнай және газ өндіру цехындағы отыз жылдан астам еңбек жолымдағы басты ұстанымым – қауіпсіз еңбек. Өйткені, өндірісте жарақатсыз жұмыс жасау – ең маңыздысы. Шеберден тапсырма алып, күнделікті міндеттерімізге кіріскен кезде қауіпсіздік техникасын сақтауға аса мән береміз. Өзімізге бекітілген 24 ұңғыманы аралап, тексереміз. Қалыпты жұмыс жасауын қадағалаймыз. Тұрып қалса, дереу хабарлаймыз.

Бірлескен жұмыстың нәтиже беретінін өз ісімізбен дәлелдеп жүрген мұнайшылар қатарында болуым – мамандық таңдауда қателеспегеніміздің дәлелі.

Азамат ӨТҚЖЖК
Жұмағазиев,
басқармасының
жүк қармалаушысы,
«Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет
грамотасының иегері:



– Кен алаңдарындағы өндірістік процестің тоқтап қалмауы аса маңызды. Осынау жұмыстарды жүйелі жүргізуде біздің басқарманың үлесі көп. Өйткені, сұраныстарға сай, жеткізілген заттар қоймаға жиналып, осы жерден әр басқармаға жөнелтіледі.

Мен қоймада жүк қармалаушы болып, 2007 жылдан бері жұмыс істеймін. Бұл – қарапайым, бірақ өте маңызды әрі жауапты мамандық. Күн сайын түрлі жүктің келуі, олардың тиісті орынға жеткізілуі, дұрыс сақталуы – барлығы біздің қолымыздан өтеді. Физикалық күш пен мұқияттылықты талап ететін бұл жұмыс – тәртіп пен ұйымшылдықтың үлгісі.

Биыл – Жұмысшы мамандықтар жылы. Бұл бастама қарапайым еңбек адамдарын қолдау, еңбегімізге деген құрметтің белгісі деп білемін. Еңбегіміз еленіп, бағалануы – бізге үлкен мотивация. Болашақта жастар да осы мамандықтарға қызығушылық танытып, еңбекпен шыңдалса деймін.

Сәрсенғали МӘТЕУОВ,
«Ембі мұнайэнерго»
басқармасы «Қайнар» АЭТ
электржазбен дәнекерлеуші,
«Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет
грамотасының иегері:



– Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Ембі өндірісінің дамуы жолындағы үлес, табысты еңбектерін ескерген Компания басшылығы марапаттар табысты. Мен де сол қатарда Құрмет грамотасын иелендім.

Бұл салада 2003 жылдан бері жұмыс жасап келемін. Мамандығым өзіме ұнайды. Біздің жұмысымыз – далада. Түскен тапсырмаларға сай, дәнекерлеу жұмыстарын жүргіземіз. Кей кездерде автогидрокөтергіш көлігімен жоғары көтеріліп, жұмыс жасаймыз.

Мұнай-газ өндіру бірнеше саланы біріктіреді. Біз де – соның бір бөлшегіміз. Жұмыстың оңайы жоқ десек те, қазір жұмыстарымыз бұрынғымен салыстырғанда айтарлықтай жеңілдеді. Техникалар толық жаңартылған, заманауи.

Қауіпсіздік талаптарын бұзбай, жұмыс жасау керек. Білмегенімізді үйреніп, білгенімізбен бөлісіп, ұжымдағы аға буының ізін басып, өкшелеп келеміз.

Жалпы, жастайымнан еңбекке араластым. Мектепке ерте барып, қатарластарымнан бұрын аяқтадым. Бала күнімнен дәнекерлеу жұмыстарына икемім болып, осы салаға бет бұрдым.

Бір қарағанда оңай болып көрінуі мүмкін. Алайда, қиын келістіру, ізін қалдырмау – тәжірибемен келетін дағды. Тапсырманы тиянақты, сапалы орындап, жақсы нәтиже беру – ең басты ұстанымым.



МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

**БІРЛІК ПЕН
ЕРКІНДІКТІҢ БЕЛГІСІ**



Ел тарихындағы маңызды күндердің бірі – 25 қазан. Бұл – халқымыздың азаттық жолындағы алғашқы нақты қадамы, мемлекеттік егемендігіміздің бастауы ретінде тарихта қалған айтулы дата – Республика күні.

1990 жылы 25 қазанда тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл – еліміздің өз аумағындағы заңдардың үстемдігін бекіткен, болашақ тәуелсіздік туралы конституциялық заңнаманың негізін қалаған аса маңызды құжат.

Декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді.

Сыртқы саясатты дербес жүргізуге құқылы екені нақты көрсетіліп, әлемдегі басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнату және халықаралық ұйымдарға кіру процестері осы күннен бастау алған еді.

Тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері бекітіліп, алғаш рет ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғымайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту,

ұлттық қадір-қасиетті нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Құжатта саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді өзі шешу принципі де жарияланды. Әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды.

Осы декларацияның арқасында кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата заңымызды құруға қадам бастық. Сондықтан осы қағидаттардың негізіндегі дәл осы декларация Конституцияның негізі саналады.

Осылайша, Республика күні тәуелсіздікке бастар жолдың ресми қадамы ретінде ерекшеленеді. Бұл тек саяси шешім ғана емес, халықтың тарихи санасында оянған ұлттық бірегейліктің, бостандыққа деген ұмтылыстың көрінісі болды.

2009 жылдан бастап бұл күн ресми мерекелер тізімінен алынып тасталғанымен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылы Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді. Ұлттық мереке кезінде мемлекеттік органдарда міндетті түрде ресми іс-шаралар өткізіледі. Себебі олар ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалар қатарына жатады.

Соған сай, бүгінде 25 қазанда бүкіл ел көлемінде мерекелік, патриоттық шаралар ұйымдастырылып келеді. Бұл – ел тарихын тануға, тәуелсіздіктің қадірін ұғынуға, жас буынның бойына отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті дарытуға арналған маңызды күн. Жәй ғана мереке емес, егемен еліміздің болашағына деген үміт пен сенімді ұрпақ санасына сіңіретін, бірлікті, мемлекетіміздің тәуелсіздігін құрметтеу, татулықты насихаттау күні. **ЕТ**

ЖОЛДАУ-2025

ЕҢБЕК – ТАБЫС БАСТАУЫ

Мемлекет басшысының Жолдауымен Астана төрінде арнайы танысуға мүмкіндік алып, жиынға қатысып, тыңдадым. Қазір – жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірі. Жолдаудың тақырыбы да осы мәселеге арналды. Бұл бағытта Президент маңызды стратегиялық мақсат қойып, Қазақстан үш жыл ішінде жаппай цифрлық ел болуы керек екенін атап айтты.

Жаңашылдықтар өзім еңбек ететін салаға қатысты да айтылды. Президенттің геологиялық барлау жұмыстары мен жер қойнауын зерттеуді басты міндеттердің бірі ретінде атауы – геология саласына серпін беретін маңызды шешім. Еліміздегі геофизикалық зерттеулер ескіріп, қазіргі талапқа сай қайта қарауды қажет ететіні де айтылды. Расында да, жаңа технологиялар мен цифрлық құралдарды пайдалану арқылы заманауи геологиялық карталарды жасау болашақ кен орындарын ашуда шешуші рөл атқарады.

Президент атап өткендей, бұл салаға жасанды интеллектті енгізу мен халықаралық стандарттарға сай зертхана ашу – уақыт талабынан туындаған қадам. Аталған бастамалар еліміздің табиғи ресурстарын тиімді әрі жауапкершілікпен игеруге жол ашады. Бұл – ауқымды жұмыстардың бастауы. Жер қойнауын терең зерттеу кез-келген өндіріске тың серпін беріп, сала мамандарына үлкен жауапкершілік жүктейді.

Біз күн сайын ел экономикасының негізін құрап отырған өндіріс саласында, еліміздің байлығын халық игілігіне айналдыру жолында еңбек етіп жүрміз. Қоғам жаңғыруы үшін еңбек адамының санасы, болмысы да жаңғыруы керек. Бізге тек мұнай өндіріп қана қоймай, технологиялық тәртіпті, экологиялық жауапкершілікті, қауіпсіздік мәдениетін де бірге дамыту міндеті жүктеліп отыр.

Президент Жолдауда реформалардың салмақты әрі сапалы түрде жүзеге асуы керектігін баса айтты. Бұл сөздер – біздің салада да өте өзекті. Өйткені, мұнай-газ саласы күрделі әрі үнемі жаңарып отыруды қажет етеді. Сондықтан біз де жаңа тәсілдермен жұмыс істеуге бейімделіп, цифрлық шешімдерді меңгеріп, қауіпсіздік пен тиімділікті бірінші орынға



қоюымыз керек. Мемлекет басшысы елімізде саяси жүйе өзгеріп, азаматтардың сана-сезімі жаңарып келе жатқанын да айтты. Мен де осыны өндіріс алаңында байқап жүрмін. Бүгінде жас мамандар өз ісіне жауапкершілікпен қарап, білім мен тәжірибені ұштастыруға тырысады. Бұл – оң өзгерістің нақты көрінісі.

Сондай-ақ Президенттің өскелең ұрпақ бақытты және берекелі өмір

сүруге тиіс деген сөзі мені ерекше толғандырды. Өйткені біз еңбек етіп жүрген өндіріс тек бүгінгі күн үшін емес, ертеңгі ұрпақ үшін жұмыс істеуде. Бүгінгі біздің табанды еңбегіміз – болашақтың іргетасы.

Президент «Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры» деп атап өтті. Бұл – жәй сөз емес, бұл – нағыз еңбек адамына арналған үндеу. Соған сай, біз ел игілігі үшін адал еңбек ете береміз.

Бұл жерде Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауының да маңызы зор екенін айтқым келеді. Шын мәнінде, бұл – өндіріспен тікелей айналысып жүрген біз секілді еңбек адамдары үшін үлкен қолдау әрі жаңа мүмкіндіктер кезеңі. Бұл бастама жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеріп, келешек ұрпақты еңбекке деген құрметпен тәрбиелеуге ықпал етіп келеді.

**Гүлшара УНДАШЕВА,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
Геология және мұнай-газ кен орнын игеру бөлімінің геологы**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

Қай саланың болмасын дамуы мен өркендеуі еңбек адамының қажырлы жұмысымен тығыз байланысты. Қызмет жолында әр салада табысты еңбек етіп, өз үлесін қосып жүрген жан-дар – әрқашан құрметке лайық. Бұған қоса, қоғамдық іс-шаралардың да бел ортасынан табылуы арқылы айналасына шабыт сыйлайтындар да аз еместігі көңіл қуантады. Әріптесіміз, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Әлеуметтік қамту бөлімінің жетекші маманы Жанат Арыстанованы да осы қатарға жатқызуға әбден болады.

Еңбек жолын Қазақ ғылыми-зерттеу жобалау институтында инженер болып бастап, кейіннен «Мақатмұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» басқармаларында мұнай өндіру операторы, ЭЕМ операторы, Өндірістік емес топ шебері, Құрылыс нысандарына ағымдағы жөндеу жүргізу шебері, Инженерлік-техникалық қызмет орталығының ауысым инженері, тауар операторы, Өндірістік-техникалық қызмет,

**ӘРІПТЕСІМІЗДІҢ ЕСІМІ
АЛТЫН КІТАПҚА ЕНДІ**



байқауларына қатысушылар қатарынан көрініп жүр. Сол арқылы өзі ғана шабыттанып қоймай, айналасына да үлгі болып келеді.

Ұжымдағы тиімді еңбек нәтижелерімен қоса, әріптесіміздің есімі таяуда республикалық деңгейде аталды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып, жоғары кәсіби біліктілігімен өз саласында адал еңбек еткені үшін ҚР Bilim-orkeniet ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының «Тәуелсіз Қазақстанның кемел тұлғасы» төсбелгісімен марапатталып, Қазақстанның Алтын кітабына енді. Бұл – елдің, қоғамның дамуына үлес қосқан, үлгі боларлық еңбек жолдары бар жан-дар туралы жазылған жинақ.

Бұған қоса, «Еңбек озаты» республикалық байқауына қатысып, жұмысы үздік деп танылған соң, «Құрметті еңбек азаматы» республикалық журналында Ж.Арыстановна туралы мақала жарық көрді.

Мұнай-газ саласында 40 жылдан астам тәжірибесі бар маман адал еңбектің абыройға бастайтынын айтады. «Бұл жетістіктер – еңбек адамына деген құрметтің көрінісі. Кез-келген мақсатқа жету үшін адал қызмет атқарып, талмай іздену қажет» дейді ол. **ЕТ**

әлеуметтік қамту тобында маман лауазымдарын атқарды. Соңғы 10 жылдан астам уақыттан бері басқарманың әлеуметтік қамту бөлімінде қызмет етіп келеді.

Жанат Қырғабайқызы өз саласын жетік меңгерген маман ғана емес, қоғамдық іс-шаралардың да бел ортасынан табылып, спорттық сайыстар немесе өнер

ЭКОЛОГИЯ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

(Басы 1-бетте)

«Таза Қазақстан» акциясы – бұл жәй ұран немесе бір күндік бастама емес. Бұл – еліміздің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған кешенді бағдарлама. Ол кең ауқымды іс-шараларды қамтиды. Айналаны таза ұстау, саябақ, орман және су қоймаларын қоқыстан жүйелі түрде тазалау, көгалдандыру шараларын белсенді ұйымдастырып, жаңа жасыл аймақтар құру, қалдықтарды жинап, қайта өңдеу жүйелерін енгізу сияқты маңызды іс-шараларды қамтумен қатар, экологиялық тәрбие құралы ретінде де зор маңызға ие.

Қоршаған ортаның тазалығы – халық денсаулығының кепілі. Табиғатты аялау – айналаға аса көп пайдасын әкелетін қадамдар қатарында. Оған қоса, экологиялық жауапкершілік тұтастай еліміздің халықаралық беделін арттырады. Бірлескен шаралардың нәтижесінде экологиялық тұрақтылық бойынша өзге елдерге үлгі болуға да мүмкіндік ашылады. Бұл акция жоспарлы жұмыстарды тұрақты жүргізуді және үнемі қолдауды қажет етеді.

Көгалдандыру жұмыстарын тұрақты жүргізу. Бұл – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына үлес қосып, осы бағыттағы іс-шараларды ұдайы ұйымдастыратын «Ембімұнайгаз» АҚ ұстанатын негізгі қағидаттардың бірі. Атырау облыстық әкімдігі мен Компания арасында көгалдандыру жұмыстарына қатысты арнайы Меморандум бекітілген.

Жергілікті әкімдік пен Компания арасында 2021 жылдың 20 сәуірінде жасалған құжат аясында «жасыл белдеу» құру жұмыстарын жүргізу жоспарланып, міндеттемелерге сай, көгалдандыру жұмыстары бірнеше жылдан бері Атырау қаласының іргесіндегі Талғайран елімекенінде жүргізіліп келеді.

Бөлінген жер учаскесінде жүргізілген топырақ-іздістіру жұмыстарының нәтижесінде 71,3 га аумақ отырғызуға жарамды деп анықталды. 2022-2024 жылдары жалпы 45,5 гектар жерге 38 700 көшет отырғызылды, бұл қолайлы жерлердің 64%-ын құрайды.

Кейін, 2024 жылдың 24 мамырында қатты жел мен судың көп мөлшерінен Соколок бөгеті бұзылып, «жасыл белдеуді» су басты. Су

тасқынынан кейін келтірілген залалды анықтап, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді.

Ал, 2024 жылдың 16 қазанында Атырау облыстық әкімдігі мен Қоғам арасында 2024-2030 жылдарға арналған Меморандумға толықтырулар енгізу келісіміне қол қойылды. Соған сай, бұрын тек қала аумағында жүргізілген жасыл желек отырғызу жұмыстары биылдан бастап, алдағы бес жылда ЕМГ өндірістік-құрылымдық бөлімшелері орналасқан Исатай, Мақат, Қызылқоға, Жылыой аудандарында жалғаса береді. Көгалдандыру жұмыстары Атырау қаласында 90 гектар, сондай-ақ, аталған аудандарда қосымша 20 гектар жерді қамтиды.

Осы бағыттағы жұмыстар жайлы кеңінен мәлімет берген «Ембімұнайгаз» АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов: «Меморандумды орындау барысында жоспарланған жұмыстар басталып, биыл облыс бойынша 19 000 жуық тал егу жоспарланған. Соның шінде көктем айында 8844 ағаш отырғызылды. Қазіргі уақытта көгалдандыру жұмыстары жалғасуда» деп атап өтті.

Тұтастай алғанда, «Таза Қазақстан» акциясына ембіліктер үнемі белсенді түрде қатысып келеді. Табиғатқа жанашырлықпен қарауды өз істерімен дәлелдеп келе жатқан мұнайшылар облыс көлеміндегі іс-шараларға тұрақты қатысумен қатар, акция аясындағы жоспарлы жұмыстарды мұнай-газ өндіру басқармаларының аумағында да ұйымдастыруда.

Еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау және экологиялық мәдениетті арттыру бағытындағы кешенді іс-шараға қатысып, бірнеше рет көгалдандыру шараларын белсенді ұйымдастырғаны үшін 2024 жылдың қорытындысына сай, «Ембімұнайгаз» АҚ үздіктер қатарынан табылып, Атырау облысы әкімдігі тарапынан Алғыс хат иеленді. Бұл марапат – атқарылған жұмыс ауқымын білдіретін, ортақ күш-жігердің жемісі және экологиялық жауапкершілігіміздің дәлелі.

Биыл да бұл жұмыстар тұрақты



- «Таза Қазақстан» акциясы алғаш рет 2024 жылы 6 сәуірде басталып, арнайы жоспарланған 5 апталық кезең түрінде өтті. Әр апта жеке-жеке тақырыпқа бекітіліп, сол бағытта республиканың барлық аймағында экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылды.
- Алғашқысы – «Таза өлке». Бұл кезеңде еліміздің барлық өңірінде тұрғындар өз үйлері мен ғимараттардың айналасын қоқыстан тазартты.
- Екінші апта «Киелі мекен» деп аталып, тарихи және мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыруға арналды.
- Ал, үшінші аптада бүкіл елімізде ағаш көшеттерін егу және жасыл желекке күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Бұл кезең «Жасыл аймақ» атауымен өтіп, көгалдандыруға басымдық берілді.
- Төртінші апта – әлеуметтік нысандарды тазалауға бағытталды. Онда ардагерлер үйлері мен қарттар үйлерінің аулаларын тазарту іс-шаралары ұйымдастырылды.
- «Мөлдір бұлақ» – бесінші апта. Бұл аралықта өзен-көлдер мен бұлақтардың арналары қоқыстан тазартылып, экожүйені қалпына келтіру шаралары атқарылды.
- Бес апталық науқан аяқталған соң да, бірегей акция тоқтап қалған жоқ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бастаманың «уақытша науқан емес» екенін, керісінше жыл бойы үздіксіз жалғасуы керектігін баса айтты. Соған сай, бұл іс-шаралар жалпыұлттық экологиялық акция сипатында әлі де жалғасып келеді.

ұйымдастырылып, ембіліктер қатысып келеді. Соның бір дәлелі – Компания қызметкерлерінің таяуда өткен World Clean Up Day ауқымды экологиялық сенбілігіне қатысуы. Аумақты тазалау жұмыстары жыл сайын 20 қыркүйекте атап өтілетін халықаралық тазалық күнінің аясында ұйымдастырылды.

Ембіліктер Атырау мөлтекауданындағы айналма көпірдің айналасындағы қоқыстарды тазартты. Осылайша, ЕМГ қызметкерлері


Атыраудағы экологиялық жағдайды жақсартуға үлес қосып қана қоймай, ұжымдық рухты, экологиялық сауаттылық пен әлеуметтік жауапкершілікті көрсетті.

Ембімұнайгаз таза қоршаған орта денсаулықтың, тұрақты дамудың және болашақ ұрпақтың өмір сүру сапасының кепілі екенін түсіне отырып, экологиялық науқандарға қолдау көрсетіп келеді және бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра бермек.



ТАҒЗЫМ

ЖОРЫҚ ЖОЛЫ: ЕСКЕНЕДЕН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН



Бұл жазбамыз Тайсойған өңірінің тумасы, ескенелік мұнайшы-майдагер Қонаш Табынтаев хақында. Жеңіс таңын жақындатуға үлес қосқан жауынгер майдан даласынан елге оралған соң, қызмет етіп, соңында із қалдырды.

Қонаш Табынтаев 1916 жылы 9 мамырда Гурьев уезінің Тайсойған өңірінде дүниеге келген. 1938 жылы отбасы Ескене жеріне көшіп келген соң, Қонаш мұнай кәсіпшілігіне жұмысқа тұрады.

Осы жерден 1939 жылдың қыркүйегінде әскер қатарына алынып, Фин соғысына қатысады. Кейін 503-ші ауыр артиллериялық полкте зеңбірекші болып, әскери қызметін өтеп жүргенде соғыс басталып кетеді. Сол шақта оларды дербес ауыр зеңбіректі артиллериялық дивизион құрамына аударады да, Мәскеу қаласын қорғауға жібереді.

Майдан даласында талай рет жан берісіп, жан алысқан шайқастардың ортасында болады. Кезекті бір ұрыста жау әскерлері мен танкілері бұлардың шебін айналып өтіп, қоршауға алуға ұмтылады. Зеңбірекшілер мен олардың алдындағы атқыштар полкі жауынгерлерінің жанқиярлық қимылдарының арқасында жау қоршауын бұзып шығады.

Бірнеше қаруластары қаза тауып, зеңбіректерінен айырылады.

Бұдан соң жауынгер Қонаш Табынтаев 992-ші танкке қарсы қолданылатын 57 мм. зеңбіректер полкінің құрамында Калинин, Смоленск бағытындағы шайқастардың ортасында жүреді. Полк I-Белорус майданының құрамында туысқан республикалар жерін дұшпаннан азат етуге қатысады.

Ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталады. Польша жеріндегі ұрыстарда полк көп шығынға ұшырағанына қарамастан, бірнеше қалаларды жаудан тазартады. Осы шайқастарда полк зеңбірекшілері жаудың ондаған солдаттарын, бірнеше зеңбіректері мен танктерін жойған.

Варшава қаласына келген сәт Польша астанасының түгелге жуық қираған шағы еді. Неміс оккупациясы кезінде қаланың 85 пайыздан астамы қиратылып, жан түршігерлік көріністер орын алған еді. Висла өзеніндегі көпірлердің

түгелдей қиратылғаны әскердің өзеннің арғы бетіне етуіне көп қиындық туғызған. Полк Одер өзенінен өтерде немістердің тосқауылына тап болып, кідіруге мәжбүр болады.

Қиян-кескі ұрысты артқа тастап, жаңа құраммен толықтырылған полктың негізгі нысан Берлинге жақындаған сайын ілгері жылжуы қиындай түскен екен.

Қала ішіне кірген соң, зеңбіректермен тіке көздеп ату сәттері жиі болған. Әрбір ғимарат үшін, көше үшін ұрыстар жүрген. Қонаш Табынтаев зеңбірекшілермен Берлин ішіндегі ұрыстарда жаудың жүздеген техникасы мен адам күшін жояды.

Зеңбірек командирі Қ.Табынтаев 29 жасқа толған күні Ұлы Жеңіс күнін қарсы алып, араға дәл 1 жыл салып, елге 1946 жылы мамыр айында оралады.

Соғыс жылдарындағы көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін ол «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Данк» ордендерімен, «Ерлігі үшін»,



«Москваны қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» жауынгерлік және мерекелік медальдармен марапатталған.

Елге келген соң, Ескене мен Қошқар кәсіпшіліктеріне қарасты өрт сендіру командаларында еңбек етеді. Кейіннен Қошқарда мұнай өндіру операторы қызметіне ауысып, осы жерден 1971 жылы зейнеткерлікке шығады.

Зайыбы Жаңыл екеуі – сегіз ұл-қыз тәрбиелеп, өсірген жандар. Батыр майдангер аға 1979 жылы 63 жасында өмірден өтті. Ұрпақтары батыр аталарының ерлік істерін жадыларында сақтап, есімін зор мақтанышпен атап отырады.

Орақ ДЕНГЕЛБАЕВ, өлкетанушы, Мақат ауданының Құрметті азаматы

ТАБЫС СЫРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әдемілікті көзбен көруден жан рахатына кенелуге болады. Аулада алуан гүлдер жайқалып тұр. Көзімізге ерекше түскені – әдемі тас мүсіннің маңайына топтастырылған раушан гүлдері. Гибридті шәй раушаны, «Бургунд», алғаш рет Германияда өсірілген, ірі, ерекше ақ түсті, «Ақ қардағы би» деп аталатын «Шнеевальцер», гүлдестелері ірі болатын «Ирина» сорты, өрік түстес сарғыш-сары, хош иісті «мадам Аннзетт» те осы жерде. Өрме раушаны, «Фламентанц» гүлі де айрықша сұлулықпен жайқалып тұр. Жалпы алғанда аулада 16 түрлі раушан гүлі егілген. Тарихы Еуропадан басталатын гортензия гүлінің «метельчатая», «Скайфолл», «Сильвер доллар», Поляр аюы, «Ванила Фрайз», «Самарлық Лидия» түрлері де ауданын әдемілігі мен жайлылығын арттыруда. «Атаулары ерекше екен, сол үшін қызықтыңыз ба, қалай іріктедіңіз?» деймін қызығушылық танытып. Нұрлыбай Ашықбаев: «Әрине, сырт келбетіне, көрер көзге әдемі болып тұруына да мән бергенім рас. Алайда, ең алдымен, біздің топыраққа төзімді, жерсінуді оңай түрлерін таңдадым» дейді ол күлімдеген кейіппен.

Канадалық Коники, тікенекті Blue Diamond шыршалары, Blue Chip және ерекше шитрусты иіс беретін «Фразера», ханзада Уэльский, скрипка тектес аршалар туралы да мол мағлұматқа қанықтық. Әріптесіміз әрісі Ресейден, берісі Қазақстанның түкпір-түкпірінен арнайы алдыртатын ерекше ағаштардың бабын қалай келістіру, қалай жайқалтып өсіру туралы білгенімен бөлісуден еш жалықпайды.

WhatsApp мессенджеріндегі осы тақырыптардағы танымал топтарда да бұл мәселелерді түсіндіретін оның білгеніне жүгініп, ақыл-кеңес сұрайтындар аз емес. «Арнайылап Күлсары, Атыраудан, Ақтөбе, Оралдан, Маңғыстау облысынан хабарласатындар бар. Интернет арқылы ізденіп, тапқан, білгенімді бөлісуден жалықпаймын. Кеңес беріп отырамын, қызығушылар көп. Бау-бақша, жүзім отырғызу туралы ватсапта ашылған группаларда бармын. Таяуда Тик-ток желісін қолыма алдым. Ол жерде де оқырмандарымның саны артып келеді. Жалпы, бақ өсіріп, ағаш баптауға бала күнімнен құмармын. Әрқайсысына бөлек-бөлек қараймын. Күтімдері де алуан түрлі. Шөп-жапырақтарды жинап, биогумуска айналдырамын. Аулада күрт өсіремін. Органиканы, яғни, таза табиғи тыңайтқыштарды пайдаланамын. Жерім жұмыс жасағанға бұрыннан қызығушылығым бар. Бәрін екім келеді, тек жерім тар», – дейді ол.

Әріптесіміз айналасына ағаш отырғызуды үйреншікті әдетіне айналдырған. Тіпті, өзі қызмет ететін «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Ақтөбе кен алаңына да жеміс ағаштарын өсіріпті. «Вахталық әдіспен жұмыс жасайтындықтан, талдардың уақытылы суарылуын

«АҒАШ ОТЫРҒЫЗУҒА ДА МЕЙІРІМ КЕРЕК»

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫ ЕРЕКШЕ БАҚ ӨСІРІП ОТЫР



үнемі қадағалап отыра алмаймын. Сондықтан, демалысқа кеткенімде қарсы ауысымдағы әріптестеріме тапсырып кетемін» дейді бізбен әңгімесін жалғап.

Нұрлыбай Әтепұлы ауласына сәндік ағаштар ғана емес, жеміс талдарын да өсіруде. Көзіміз үйренген өрік, алма, шиеден бөлек бұл жерде де алуан түрлі ағаштар мен бау-бақша өнімдері бар.

Алматы апортының иісі алыстан баураса, құрма ағашының жемісі көз тартады. «Биыл 13 түйнек шығып тұр. Бұл сорты «Бычьё сердце» деп аталады, темірге өте бай. Қазан айының аяғында піседі. «Королек» деп аталатын түрін де отырғыздым. Ал, ол уақытта күн суытып, піспей қалса, құрмаларды алмамен бірге сақтап қою керек. Сол кезде 1 аптада піседі» деп, әр тал туралы толық мәлімет берген сұхбаттасушымыздың әңгімесінің жетегіне ере бердік.

«Ағаштарды будандастыруды да тәжірибе ретінде қолға алып, өсіріп жүрмін. Мысалы, кәдімгі өрікті, қара түрімен будандастырдым. Дәннен де өсіремін, көшет күйінде де отырғызамын. Мысалы, манда-

рин дәннен шықса, 15 жылда жеміс береді. Ал, будандастырғанның нәтижесінде отырғызылған мына ағаш биыл жемісін берді. Анар ағашының да жемісін жедік биыл. Жүзімнің «Аватар» сортын, шие, алхоры отырғыздым. Итмұрыннан тірі шарбақ жасап жатырмын. Ол өте пайдалы, шәй ішуге болады. Ал, бұл Алмұртты арнайы Ресейден алғыздым. «Просто Мария» және «Анастасия» сорттары, қара күзде піседі. Қазір інжірді егуге дайындаудамын. Осы жерге фундук, бадам, пекан жаңғағын отырғыздым. Соңғысы өте дәмді, сатып алсаң, қымбат тұрады. Ал, мына отырғызған жаңғақ ағашым 3 жылда өнім береді» деген ол мол өнім алу үшін ағашты отырғызудың да ерекшеліктері бар екенін баяндады. «Ең алдымен, жерді дұрыстап қазу керек. Жапырақ, шөптерді топырақпен араластырып, малдың көңін қосамын. Көң ферментациядан өтуі керек. Яғни, күннің көзіне әбден кеуіп, қызуы кеткенді ғана қолдану керек» дейді мұнайшы бағбан.

Отағасы жұмыста болған кезде бау-бақшаға қарау жауапкершілігі

балаларына қалады. Қос ұл әке тапсырмасын тап-тұйнақтай орындап отыр. Кейіпкеріміздің жары Сәуле Бапаева: «Табиғат аясында кешқұрым отбасымызбен жиналып, әдемі гүлдер, ағаштардың ортасында, таза ауамен тыныстап отырып, шәй ішеміз. Ауладағы 10 сотық жерге жолдасым егін егіп, баптайды. Жұмыстан келген бойда бірден егінді қарауға кетеді. Сол кезде қас-қабағына қарап отырамыз. Даладан үйге кіргенде жадырап келсе, бәріміздің де көңіліміз жайланады» дейді күлімдеп.

«Тал болсын, жеміс болсын, барлық өсімдікті жақсы көріп, махаббатпен ексе, шығады. Өйткені, табиғаттың өзі мейіріммен жаратылған. Менен шырша алған адамдарға тез өсіп кетуі үшін түбіндегі топырағымен қоса, беремін. Алайда, «Өліп қалды, өспеді» деп жатады. Сондай жағдайда, мейірім жеткіліксіз болды емес пе екен деп те ойға қаламын. Бау-бақшадағы жұмыстардан өзіме қуат аламын,

ұрпағым үшін пайдалы нәрсе жасап жүргенімді ойласам, тіптен шабыттанып, шаршағанымды сезбеймін» дейді Нұрлыбай Ашықбаев сөзін түйіндеп.

Жасыл-желекке деген шынайы ықыласы мен тынымсыз еңбегінің арқасында климаттық жағдайға қарамастан, түрлі ағаштар мен өсімдіктерді өсіріп, олардың әртүрлілігі мен жерсінуге ерекше мән беріп отырған, табиғи тыңайтқыштарды қолдану арқылы экологиялық таза әрі табиғи өнім алып отырған әріптесіміз – көпке үлгі. Жұмыста өз саласын жетік меңгерген мұнайшы – үйде де өз тірлігінің қиюын келістіріп отырған үлгілі әке, мейірімді ата. Өзінің жеке ізденісінің нәтижесінде қалыптастырған мол тәжірибесі мен өсімдіктерге деген мейірімге негізделген өмірлік ұстанымы – оның негізгі қағидалары. Бағы мен бабы келіскен бақтағы бір күніміздің қалай тез өткенін де байқамай, еңбегінің жемісін көруге тілектестік ниетпен аттанып кеттік. **ET**

ҰРПАК

Әрине, әр ата-ананың басты мақсаты – білімді, саналы, ақылды ұрпақ тәрбиелеу. Мектептегі жаңа оқу жылы басталуымен үш ай алаңсыз жүрген балалардың да, ата-аналарының да күнделікті өмір ағымы өзгерістерге ұшырады. Жұмыс режиміне қоса, баланың сабағын оқыту, білімін қадағалау сияқты мәселелер күн тәртібіне шықты.

Жұмысбасты ата-аналар үшін осындайда көмекке қосымша үйірмелер келеді. Қазір олардың неше түрі бар. Ыңғайлысын, қолайлысын табуда қандай ұстанымға сүйену керек? Баланың бейімін анықтауда ата-ана ретінде сіз қай мәселеге мән бергеніңіз жөн. Интернет кеңістігіндегі деректерге сүйеніп, ата-аналарға көмек ретінде қандай кеңестер беруге болады деген тақырыпты талқылап көрейік.

Арамызда бірінші сынып оқушыларының ата-аналары да аз емес. Бірінші сыныпқа аяқ басқан оқушы үшін мектеп – жаңа әлем, жаңа орта, жаңа тәртіп, жаңа жауапкершілік. Бұл – баланың тұлға ретінде қалыптасуы мен әлеуметтенуінің бастауының кезеңі. Ал, жұмысбасты ата-аналар үшін ең өзекті мәселенің бірі – жоғарыда атағанымыздай, баласының бос уақытын пайдалы әрі қызықты өткізуіне жағдай жасау.


Сабақтан кейінгі уақытты мазмұнды ұйымдастыру баланың тек білімін емес, тұлғалық қабілетін де дамытады. Мұндайда баланың жасырын талантын ашып, түрлі салада өзін сынап көруіне мүмкіндік беретін қосымша сабақтар көмекке келеді. Бұл дәрістер жаңа достар тауып, қоғаммен байланыс орнатуына жол ашады. Ал, ата-аналар үшін баласының қауіпсіз әрі пайдалы ортада болуына сенімді кепіл пайда болады.

Білім берудің тек пәндік сабақтармен шектелмейтінін ескере келе, үйірмелерді таңдасаңыз, қазіргі заманғы педагогика мен психология баланың жан-жақты дамуы үшін сабақтан тыс үйірмелер мен курстардың маңызын айқын көрсетіп отыр.

Бүгінгі таңда көптеген мектептер мен арнайы орталықтарда үйірмелер көп. Ең бастысы

БАЛА ДАМУЫНА БАҒЫТ

ҚОСЫМША ДӘРИСТЕРДІҢ ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?



– баланың қызығушылығын ескеріп, оның дамуына қолдау көрсету. Себебі, әр бала – ерекше, ал уақытында ашылған қабілет – болашағының табысты болуына жасалған қадам.

Кең таралған қосымша дәрістер түрлерін саралай келе, зерттеулер мен мамандар пікіріне сүйене отырып, төмендегі бағыттардың оқушы тұлғасының қалыптасуына

тигізер әсерін қарастырайық.

Робототехника және STEM технологиялар. Бұл – тек техникалық дағдыны емес, сонымен бірге баланың когнитивтік, әлеуметтік және тұлғалық даму дағдыларын қалыптастыратын заманауи бағыт. Үйірмеде бала бөлшектерді жинақтап, бағдарламалап, нақты нәтиже көреді. Зерттеулер көрсеткендей, робототехни-

камен айналысқан балалар стандартты емес шешім қабылдауға бейім болады. Олар өз жобаларын жасау барысында жанаша ойлайды, сынайды, қателеседі және қайта құрастырады. Эмоционалды интеллектіні дамытудағы маңызы зор. Қате жіберіп, оны түзету процесі арқылы бала сабыр мен табандылыққа үйренеді.

Көп жағдайда робототехника жобалары топпен орындалады. Бұл әлеуметтік дағдыларды – тыңдау, пікір айту, келісімге келу қабілетін дамытады.

Би сабағы. Бұл – дене мен эмоцияның үндестігі. Психологтардың айтуынша, хореографиямен айналысатын балалардың эмоционалды интеллекті жоғары болады. Би сабағы дене пластикасын дамытып қана қоймай, шығармашылықты, сахналық мәдениетті қалыптастырады.

Зерттеу нәтижесінде би өнері баланың өз-өзіне сенімді болуына, топта жұмыс істеуге және стресс деңгейін төмендетуге ықпал ететіні көрсетілген.

Шахмат. Бұл – логикалық ой мен стратегиялық көзқарас. Шахмат ойыны есте сақтау, логикалық ойлау, сабырлық пен шешім қабылдау дағдысын дамытады. Мамандар зерттеуі бойынша шахматпен айналысатын оқушылардың математика мен тілдік пәндер бойынша үлгерімі жоғары екені анықталған. Сонымен қатар, бұл ойын баланың жеңісті де, жеңілісті де дұрыс қабылдауына үйретеді.

Спорттық үйірмелер. Бұл – әрине, тәртіп пен төзімділік мектебі. Физикалық белсенділік – баланың жалпы дамуының негізі. Спорттық секциялар, әсіресе командалық спорт түрлері, оқушыларды тәртіпке, жауапкершілікке, бірлесе жұмыс істеуге үйретеді. Психологтар балалардағы гиперактивтілік пен агрессияны жеңілдету үшін

спортты негізгі құрал ретінде ұсынады.

Аптасына 2–3 рет спортпен шұғылданатын балалардың психологиялық жағдайы тұрақты әрі сабағы жақсы болады.

Тіл үйрену курстары. Жан-жақты дамудың тетігі. Шет тілін меңгеру – баланың ми құрылымын жетілдіретін тиімді құрал. Бірнеше тілді қатар үйренген балада когнитивті икемділік артады. Бұл – зейін қою, ақпаратты өңдеу, тез шешім қабылдау сияқты қабілеттердің дамуымен байланысты.

Мамандар тіл үйрену баланың жадысын күшейтіп, ортаға тез бейімделетінін жазады.

Домбыра сабағы. Бұл дәріс – ұлттық сана мен шығармашылықтың үлесімі. Домбыра – тек музыкалық аспап емес, ол – баланың ұлттық болмысын қалыптастыратын құндылық. Музыкадану және педагогика саласындағы зерттеулерге сүйенсек, домбыра үйрену – баланың есту қабілетін, ырғақ сезімін, шығармашылық ойлауын дамытады. Сонымен қатар, ұлттық музыкамен тәрбиеленген балада отансүйгіштік қасиет ерте қалыптасады.

Музыкалық үйірмелер қатарында қазіргі уақытта фортепиано және гитара кең сұранысқа ие екенін айта кетейік.

Арт-дизайн мен сурет үйірмелері арқылы өзін-өзі көрсету мүмкіндігі балаға «Мен істей аламын» деген ішкі сенімділік береді. Арт-үйірмеге тұрақты қатысқан балаларда бастамашылық, жауапкершілік, және өзіндік пікір қалыптасу қарқыны жоғары болады.

Бейнелеу өнері арқылы бала эмоцияларын сыртқа шығарып, ішкі күйзелістерден арылуға мүмкіндік алады. Сурет салу, арт-композиция құру баланың қиялын, елестету қабілетін дамытады. Калифорния университетінің зерттеулерінде арт-үйірмеге қатысқан балаларда стандарттан тыс ойлау қабілеті 30% жоғары болатыны дәлелденген. Сурет салу барысында бала қолының қозғалысын, дәлігін, үйлесімділігін дамытады.

Қорыта келсек, үйірмелер – баланың бойындағы қабілетті ашудың, оның тұлға болып қалыптасуына қолайлы жағдай жасаудың жолы. Ғылыми зерттеулер мен психологтар пікірі сабақтан тыс уақытты пайдалы ұйымдастыру оқушының өмірлік дағдыларын ерте жастан дамытуға негіз болатынын дәлелдеді. Ең бастысы – баланың қызығушылығын ескере отырып, оған дұрыс бағыт ұсыну. **ET**

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok – @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 кәуәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.